

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ҚР тұрғындарының жекелеген санаттағылары мен тұлғаларын медициналық көмекпен қамтамасыз етудегі жеңілдіктер туралы 1993 жылғы 25.01. N 29 бұйрығына қосымша енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 1993 жылғы 25 қаңтардағы N 29 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімінде 1995 жылғы 3 қазанда тіркелді. Тіркеу N 104. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2009 жылғы 8 маусымдағы N 297 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2009.06.08 N 297 бұйрығымен.

КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің халықтың жекелеген санаттағылары мен тұлғаларын медициналық қызмет көрсету жөніндегі бұрын қолданылып келген жеңілдіктер республика үшін маңызын қазір де жоймаған, нормативті актілеріне сәйкес бұйырамын:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 1993 ж. 01.25 N 29 "Қазақстан Республикасының жеке санаттағылары мен кейбір тұрғындарын медициналық жеңілдіктермен қамтамасыз ету туралы" бұйрығына мынандай қосымшалар енгізілсін:

1. "Амбулаториялық емдеу кезінде дәрігердің рецептісі бойынша дәрі-дәрмек тегін берілетін аурулар түрі мен тұрғындар тобының тізімі" деген бөлімінің 1 пунктіне мына сөз қосылсын.

Көп балалы отбасының 14 жасқа дейінгі балаларына, ал бала саны төрт және одан көп болса 18 жасқа дейін.

2. "Амбулаториялық емделу кезінде медициналық бұйымдармен тегін қамтамасыз ету" делінген III пунктке мына сөз қосылсын:

- I және II топтағы мүгедектер, бала кезден мүгедектер (нәжіс, зәр қабылдайтын);

- Ұлы Отан соғысы мүгедектері және оларға теңелетіндерге (эластикалық бинт, шұлық, ауыртпайтын ЭТПС-100-1 және ЭТНС-11-2 маркалы стимуляторлар);

- дәрі-дәрмектерді 50% жеңілдікпен алатын зейнеткерлерге нәжіс, зәр қабылдауышты сондай жеңілдікпен алады.

- қант диабетімен ауыратындар (айына 100 гр. этил спиртін, 1,0 және 2,0 "Новопен", "Пливапен" шприцтері мен инелері);

3. "Амбулаториялық емделу кезінде дәрігердің рецептісі бойынша жеңілдетілген жағдайда дәрі-дәрмек алатын тұрғындар тобының тізімі" деген І тармаққа мынандай сөз қосылсын:

- Арал маңы экологиялық кризис салдарынан (1993 ж. 1 шілдеден) зардап шегушілер - дәрі-дәрмек құнының 80% төлейді;

Арал маңы экологиялық кризис салдарынан зардап шегушілер дәрі-дәрмек құнының 70% төлейді.

4. Ескертулер төменгі редакцияда берілген:

- жеңілдік рецептісімен дәрі-дәрмек алуға қажетті құжаттар жеңілдік құқын куәлейтын куәлікте оның мәні (құнының мынандай % немесе "тегін"), оған мекеме мөрі басылып, сол мекеме басшысының қол қойылады, берілген осы куәлікте қай уақытқа дейін дәрі-дәрмекті жеңіл бағамен немесе тегін алатындығының мезгілі қосымша көрсетіледі;

- тегін немесе жеңілдетілген бағамен дәрі-дәрмек алатын рецепт бойынша сол рецепт берілген аумақ көлеміндегі қала немесе ауданның дәріханаларынан ғана алуға болады. Ал мүгедектер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар және жеңілдік жөнінен солармен теңесетіндер, соны мен бірге бала кезден мүгедектер дәрілерді тегін, не жеңілдетілген бағамен Қазақстан Республикасы жеріндегі дәріханалардың қайсысынан болса да алуларына болады. Қаладан тыс мұндай рецептермен дәрі-дәрмектің құнынан төмен жеңілдік бағамен берген де оның шығыны дәрі-дәрмек сататын жергілікті денсаулық сақтау мекемелерінің есебінен жүргізіледі.

5. Бұйрықтың 3 пункті "Күшін жойды деп есептелсін" дей келе, мынандай нұсқаулы құжаттармен толықтырылсын:

- КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 90 ж. 05.15 N 195 "Чернобыль АЭС апаты зардабын жою жұмыстарына қатынасқандарға әлеуметтік және медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар туралы" бұйрығы;

- КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 90 ж. 11.14. N 442 "СПИД-пен сырқаттанушылар немесе иммун тапшылығы вирусін жұқтырып алғандардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" бұйрығы;

- КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 85 ж. 02.28. N 240 "

Дәрі-дәрмектерді алуға кететін шығын мөлшері туралы" бұйрығы;
- КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 89 ж. 12.29. N 698 "Кейбір санаттағы азаматтардың тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі қосымша шаралар туралы" бұйрығы;

- КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 90 ж. 03.07. N 102 "КСРО Министрлер Кеңесі қаулысын жариялануы туралы N 161 "КСРО Қорғаныс министрлігі, КСРО Ішкі істер министрлігі және КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жұмысшы мен қызметкерлерінің әскери міндетті өтеуге шақырылған басшы және қатардағы құрамдағы әскери қызметкерлердің қайтыс болғандарының отбасыларына көрсетілетін жеңілдіктер туралы";

- КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 89 ж. 10.31 N 592 "Бұрын фашистік концлагерде тұтқында болғандарға дәрі-дәрмекті тегін босату туралы";

- КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 90 ж. 05.10 N 187 "Совет халқының Ұлы Отан соғысының 45 жылдық жеңісін мерекелеуге байланысты жүргізілетін шаралар туралы";

- КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 83 ж. 09.12 N 1071 "Азамат соғысы мен Ұлы Октябрь революциясына қатынасушылардың тұрмысын бұдан әрі жақсартуға шаралар туралы";

- 30 п. IV тармақшаның IV қосымшасында 56 ж. 11.14 N 1475 дербес зейнеткерлер туралы КСРО Министрлер Кеңесі бекіткен қаулы.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау медициналық көмекті ұйымдастыру Бас басқармасына (Е.М.Мусин) жүктелсін.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің*

орынбасары

Қазақстан Республикасы тұрғындарының жекелеген санаттағылары мен тұлғаларына медициналық көмекпен қамтамасыз етудегі жеңілдіктер

Мүгедектерді, тұрғындардың қорғансыз топтары мен кейбір адамдардың аурудың кейбір түрлерінен зардап шегушілерді әлеуметтік қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының үкіметі оларға профилактикалық жағдай жасау, олардың денсаулығын сақтауға және толыққанды өмір сүруге мүмкіндік беру мақсатында бірқатар шаралар жасады:

"Қазақ КСР-да мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасында 1992-1995 жж. мүгедектерді әлеуметтік қорғау жөніндегі Мемлекеттік бағдарлама, "Арал бойындағы экологиялық апаттан зардап шегуші азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы", Қазақстан Республикасы Министрлер

Кабинетінің 4.11.92 ж. N 939 "Дәрі-дәрмектердің барлық түрлері мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың бөлшек сауда бағасын ырықтандыру туралы заңдар мен Қазақстан Республикасы Президентінің 4.12.92 ж. "Көп балалы отбасын әлеуметтік қолдау жөніндегі шаралар туралы" Жарлығы қ а б ы л д а н д ы .

Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне, интернационалист-жауынгерлерге, әскери қызметте қайтыс болғандардың отбасына, еңбек мүгедектеріне, бала кезден мүгедек балалар мен азаматтарға, Чернобыль апатынан зардап шегушілерге, Арал бойындағы экологиялық апаттан зардап шегушілерге, аурудың кейбір түрімен сырқаттанушыларға және медициналық қамтамасыз етуді жақсарту ма қ с а т ы н д а б ұ й ы р а м ы н :

1. Облыстардағы денсаулық сақтау басқарма (бөлім) бастықтары, Алматы, Ленинск қалаларының әкімшіліктері, ғылыми-зерттеу институттардың директорлары, мединституттардың ректорлары "Фармация" РӨБ, Медтехника РӨБТ, "Медснаб" республикалық жергілік кәсіпорынның бас директорлары, Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау жөніндегі нұсқау құжаттарды басшылыққа ала отырып орындасын.

2. Облыстық денсаулық сақтау басқарма (бөлім) бастықтары, Алматы, Ленинск қалаларының әкімшіліктері, Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен Ұлы Отан соғысына қатысқандарды, интернационалист-жауынгерлерін, әскери қызметте қайтыс болғандардың отбасыларын, еңбек және бала кезден мүгедек балалар мен азаматтарды, Чернобыль апатынан, Арал бойы экологиялық апаттан зардап шегушілерді, аурудың жекелеген түрімен сырқаттанатындар осы бұйрықтың N 1, 2, 3, 4-қосымшаларына сәйкес медициналық және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудегі жеңілдік пен құқығын іске асырсын. М ы н а п у н к т т е р д і ң

3. Күші жойылды деп есептелсін:

3.1. "Амбулаториялық түрде емделетін жекелеген санаттағы науқастарға дәрі-дәрмекті тегін беру туралы" КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің N 194 1 7 . 0 2 . 8 3 ж . б ұ й р ы ғы .

3.2. "Гиппофизарлылық ергежелілік және қант диабетімен ауыратын науқастарға тегін берілетін медициналық дәрі-дәрмектердің тізімін бекіту туралы " 22.04.81 ж. N 422 КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы.

3.3. Отан соғысының мүгедектері, т.б. мүгедектер, жеңілдік жағынан олармен теңесетіндер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен әскери қызметте қайтыс болғандардың отбасыларына медициналық дәрі-дәрмектік және

санаторлық-курорттық көмекті бұдан әрі жақсарту берудің шаралары туралы" 03.09.84 ж. N 1015 КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы .

3.4. "ОК КПСО, КСРО Министрлер Кеңесі мен БСКСО қаулыларының 2 және 3 пункттерін қолдану тәртібі туралы, 1985 ж. 14 мамырдағы N 436 "Әскери қызметтен, жұмысшылар, қызметкерлер мен колхозшылардың зейнеткерлікке шыққандарға, кәріліктен, мүгедектіктен немесе асыраушы адамынан айырылғандардың ең төменгі мөлшерде зейнет ақы алатындарына амбулаториялық емделу үшін дәрі-дәрмек беру тәртібі туралы КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 85 ж. 11.14. N 1326 бұйрығы.

3.5. "Бала кезден мүгедектердің жағдайын бұдан былай жақсарту жөніндегі шаралар туралы" 14.05.86 ж. N 660 КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы .

3.6. "1988-1989 жж. еліміздегі денсаулық сақтау ісін жақсарту жөніндегі алдыңғы кезектегі шаралар туралы" 03.09.87 ж. N 1001 КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы .

3.7. "Дәрі-дәрмектерді тегін және жеңілдікпен босату туралы" 5.03.88 ж. N 06-9/68-9 КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің хаты.

3.8. "Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлеріне медициналық қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі қосымша шаралар туралы" 09.06.88 ж. КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы мен 20.07.88 ж. КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің хаты .

3.9. "Интернационалист-жауынгерлерге медициналық қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар туралы" 05.08.88 ж. КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы .

3.10. "Тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету және зейнеткерлерді қамтуды жақсарту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" 29.09.89ж. N 559 КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы .

3.11. "Амбулаториялық емделу үшін дәрі-дәрмекті тегін алуға құқылы тұрғындар санаты мен аурулар тізімі" N 3 қосымша, 29.01.90 ж. КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы.

3.12. "ҚазССР Министрлер Кеңесінің 29.04.90 ж. N 168 қаулысын жүзеге асыру туралы Қаз КСР Денсаулық сақтау министрлігінің 4.06.90 ж. N 364 бұйрығының 2-ші пункті "Мүгедектерге, Ұлы Отан соғысына қатынасушыларға, интернационалист-жауынгерлерге, қайтыс болған әскери қызметкерлердің отбасыларына қосымша жеңілдіктер туралы" Қаз КСР Президентінің жарлығын жүзеге асыру туралы" Совет халқының Ұлы Отан соғысы жеңісінің 45 жылдығын мерекелеуіне байланысты шаралар туралы" 14.04.1990 ж. N 375 КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысы, сондай-ақ "Ұлы Отан соғысы кезінде Ленинград қоршауында болған азаматтарға жеңілдіктер туралы" КСРО

Министрлер Кеңесінің қаулысы.

3.13. "Ауру адамдарға бірінші кезекте пәтер алу құқығын беретін сырқаттардың тізімін бекіту туралы" КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 83 ж. 03.28. N 330 бұйрығы.

3.14. "Ауру адамдарға бірінші кезекте пәтер алу құқығы беретін сырқаттардың қосымша тізімін бекіту туралы" КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 86 ж.12.23. N 1650 бұйрығы.

3.15. "Ауру адамдарға бірінші кезекте пәтер алу құқығын беретін сырқаттардың қосымша тізімін бекіту туралы" КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 88 ж.03.5 N 187 бұйрығы.

3.16. "Ауру адамдарға бірінші кезекте пәтер алу құқығын беретін сырқаттардың қосымша тізімін бекіту туралы" КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 91 ж.06.6. N 152 бұйрығы.

3.17. "Қосымша пәтер алу құқығын беретін аурулардың ерекше тізімі" 77 ж .07.29. Қаз КСР Коммунальді шаруашылық министрлігімен келісе отырып, Қаз КСР Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен бұйрық (үшінші басылым).

3.18. "Қосымша пәтер алу құқығын беретін аурулардың ерекше тізіміне" өзгерістер енгізу туралы 1986 ж.02.28. N 154 Қаз КСР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау министрдің бірінші орынбасары Е.Қ.Арғымбаевқа жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
1993 ж. 01.25. N 29 бұйрығына
N 1 қ о с ы м ш а

Дәрігерлік көмек алудағы құқық пен жеңілдіктер

1. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мынаған құқылы:
 - мемлекеттік амбулаториялық-емханалық мекемелерде тегін қызмет көрсету артықшылықтарына;
 - Отан соғысы мүгедектерінің госпиталіне, ауруханаларға кезектен тыс жатып емделуге;
 - зейнеткерлікке шыққан соң да бұрын жұмыс істеп жүрген кезінде бекітілген

емханада тегін емделуге;

- тіс протездерін тегін жасауға және жөндетуге (асыл металдардан басқасы), сондай-ақ протездер және басқадай ортопедиялық-протездер жасатуға;

- дәрігердің тағайындауы бойынша дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз етіп және дәріні үйге әкеп беруге;

- жұмыс істеп жүрген мүгедектер, жұмыс стажының үзілгендігіне қарамай уақытша жұмысқа жарамсыздық (ауырған) кезінде 100% мөлшерінде, ал жалпы ауруда төрт ай қатарынан бес ай бойы күнтізбелік жылда толық жәрдем ақы алуға;

- жыл сайын өзіне қолайлы мезгілде ақылы еңбек демалысын алуға және еңбек ақысыз жылына бір рет 4 апталық қосымша демалыс алуға және санаторияда емделуге бару, қайту жолына қосымша демалысы жетпеген жағдайда, керек күндерге еңбекке жарамсыздық қағаз алып ондағы көрсетілген күндерге жолдаманы кімнің бергені, кімнің есебінен екендігіне қарамай мемлекеттік әлеуметтік-сақтандыру жүйесі бойынша төленуге тиіс;

- жұмыс істеп жүрген жері санаторияда, курортты-амбулаторлық емделуге бірінші кезекте тегін жолдама беруге, ал балалары балаларды сауықтыру мекемелеріне баратын жолдамамен қамтамасыз етілуге, жұмыс істемейтін мүгедектер әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, Қорғаныс министрлігі Мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдары нұсқауына сәйкес тегін жолдама беруге немесе қолданылып жүрген заң бойынша жылына бір рет тиісті мөлшерде көмек ақша алуға құқылы.

2. Ұлы Отан соғысына қатынасушылар мынандай жеңілдіктерге ие:

- зейнеткерлікке шыққанға дейін пайдаланып келген мемлекеттік және муниципальді ауруханалық емдеу мекемелеріне Отан соғысы мүгедектеріне арналған госпитальдарда тегін медициналық көмекті басқалардан бұрын алуға;

- Қазақстан Республикасы аумағы бойынша дәрігерлік рецептен басқалардан бұрын тегін дәрі алуға, тұратын жеріне, мекен-жайына қарай дәріханалардың біріне бекітілуге, дәрігердің рецептісімен дәріні үйге алуға;

- басқалардан бұрын тегін тіс протезін жасатуға (асыл металдардан басқа);

- жұмыс істеп жүрген жері санаторияға, профилакторияға, демалыс үйіне жолдама беруге, сондай-ақ санаторлық-курортты мекемелерге жеңіл бағамен жолдама алуға;

- қазан, сәуір айлары аралығында медициналық көрсету бойынша амбулаторлық-курорттық түрде емделуге және пансионатта жатуға;

3. Чернобыль АЭС апатының аймақтық зардабын жоюға қатынасқандар мынаған құқылы:

- емдеу-профилактикалық мекемелер мен дәріханалардың көрсететін қызметін бірінші кезекте пайдалануға;
- дәрігердің рецептісі бойынша дәріні тегін алуға;
- жыл сайын санаторлық-курортты емделуге немесе жолдама құнының орташа есеппен ақшасын алуға;
- тұратын жерінен емделетін жерге дейін таксиден басқа көлікпен тегін баруға;
- тіс протезін тегін жасатып, тегін жөндетуге (асыл металдардан басқа);
- уақытша жұмысқа жарамсыздық кезде, жұмыс стажының үздіксіз, үздіктілігіне байланыссыз еңбек ақысын 100% мөлшерінде алуға;
- жұмыс істеп жүрген мүгедектерге уақытша еңбекке жарамсыздық кезінде 4 ай қатарынан немесе 5 ай бойы күнтізбелік жылда ақы төленуге тиіс;
- жұмыс істеп жүрген кезіндегі бекітілген емхананы зейнеткерлікке шыққаннан соң да пайдалануына, ал жұмыс ауыстырған жағдайда да сол емханаға бекітілуге құқылы.

4. Арал бойын экологиялық апат зардабын шегуші мүгедектер мен зейнеткерлер және 1993 ж. 1 қаңтарынан сонда тұратындарға арналған жеңілдіктер:

- дәрігердің рецептісі бойынша тегін дәрі-дәрмек алуға;
- тегін тіс (қымбат металдан басқа) жасатуға және тіс протездерін жөндетуге;
- жұмыс орны немесе тұратын тұрғылықты жерінен дәрігерлік көрсеткіш бойынша тегін санаторлық-курортты жолдама алуға;
- экологиялық апат салдарынан мүгедек болып қалғандар асыраушы адамынан айырылғандар мынандай мөлшерде бір жолғы көмек ақша алады:
 - I топтағы мүгедектерге - 2 жыл көлеміндегі ең төменгі еңбек ақы;
 - II топтағы мүгедектерге - 1,5 жыл көлеміндегі ең төменгі еңбек ақы;
 - III топтағы мүгедектерге - 1 жыл көлеміндегі ең төменгі еңбек ақы;
- асыраушы адамынан айырылған отбасыларға - 2 жыл көлемінде ең төменгі еңбек ақы;

Жыл сайын сауықтыру үшін мынандай мөлшерде еңбек ақы беріледі:

- I және II топтағы мүгедектерге - 3 айлық мөлшерде ең төменгі еңбек ақы;
- III топтағы мүгедектерге - 2 айлық мөлшерінде ең төменгі еңбек ақы;

4.1. 1993 ж. 1 қаңтарынан экологиялық апат аймағында тұратын әйелдер:

- босануға дейінгі демалысты экологиялық апат аймағынан сырт емдеу сауықтыру мекемелерінде өткізуге;
- бала туғанда ең төменгі еңбек ақының 4 айлық мөлшерін алуға;
- диспансерлік есептегі балаларға берілетін азық-түліктің 50 процентінің

а қ ш а с ы н

а л у ғ а ;

- балаларды жыл сайын тегін (медициналық көрсеткіш бойынша) мамандандырылған балаларды емдеу мекемелеріне немесе санаторлық үлгідегі немесе басқадай сауықтыру мекемелеріне денсаулықтарын түзетуге жіберуге қ ұ қ ы л ы .

- медициналық мекеменің жіберуі бойынша науқас баланы (санаторлы-курортты) емдетуге республика аумағы ішінде тегін, егер баланың анасы бара алмайтын жағдайда онда бұл жеңілдікті баланы ертіп апаратын адамның п а й д а л а н у ы н а болады.

4.2. 1993 ж. 1 қаңтарынан экологиялық апат зардабын шегушілерге арналған ж е ң і л д і к т е р :

- дәрі алуға (дәрігердің рецептісімен) құнынан 30 процент төмен ақша төлем (қымбат металдан басқа) тіс жасатуға және тіс протездерін жөндетуге;

- жыл сайын алдыңғы кезекте тұратын жері немесе жұмыс орнынан (медициналық көрсеткішімен) санаторлық-курорттық жолдама алуға болады.

4.3. 1993 ж. 1 шілдеден экологиялық апат зардабын тартушылар:

- дәрі алуға (дәрігердің рецептісімен, 20 процентке түсірілген бағамен тісті протездеуге (қымбат металдардан басқа);

- жыл сайын жұмыс орнынан немесе тұратын жерінен (медициналық көрсеткіш бойынша) санаторлық-курорттық жолдама алуға болады.

5. 18 жасқа дейін төрт немесе одан да көп балалы отбасыларына бекітілген ж е ң і л д і к т е р :

- көп балалы аналар тегін тіс жасатуға және (қымбат металдардан басқа) тіс протездерін ж ө н д е т у г е ;

- 14 жасқа дейінгі балалар үшін дәрігердің рецептісімен тегін дәрі алуға,

- санаторийге, профилакторияға, демалыс үйіне, пионер лагеріне баратын жолдаманы жұмыс орны қамтамасыз ету ерекшелігіне құқылы.

- ведомстволық мекемеге байланыссыз мектепке дейінгі балаларды емдеу мекемелері немесе санаторлық үлгідегі немесе басқадай сауықтыру мекемелері орнымен балаларды кезектен тыс қамтамасыз етеді.

"Қазақстан Республикасы тұрғындарының жекелеген санаттағылары мен тұлғаларын медициналық жеңілдікпен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
92 ж.01.25. N 29 бұйрығына қосымша енгізу туралы

Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси зұлмат құрбандарын ақтау туралы" 1993 жыл 14 сәуірдегі Заңына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Жаппай және саяси зұлмат құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру туралы 1993 жыл 14 сәуірдегі N 2744 қаулысына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне қосымша әлеуметтік қамқорлық шаралары туралы 94 жыл 15 шілдедегі N 1804 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерді және соларға теңесетін тұлғаларды әлеуметтік қорғау мен жеңілдіктер туралы 95 жыл 28 сәуірдегі Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президенті аппаратының басшысы мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Кеңес Одағы Батырлары мен үш мәрте Даңқ орденін алған азаматтарға әлеуметтік жеңілдіктер туралы" 94 жыл 05.12 N 35-35/28 хатына және бұрынғы КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің жекелеген тұрғындар тобы мен ауру санаттағыларын медициналық жеңілдікпен қамтамасыз ету жөніндегі нормативті актілеріне, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 94 ж.12.12. N 20-16/5118 хатына, Қазақстан Республикасының 92 ж.07.01. N 1473-ХІІ тұрғын үй Кодексіне
с а й б ұ й ы р а м ы н :

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қазақстан Республикасы тұрғындарының жекелеген санаттағылары мен тұлғаларын медициналық жеңілдікпен қамтамасыз ету туралы" 93 ж.01.25 N 29 бұйрығына төмендегі қосымшалар енгізілсін.

1.1. 3-пункттегі "Күші жойылған деп саналсын" дегенге төмендегі тармақтар е н г і з і л с і н .

3.19. КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің "Тісті тегін протездеу туралы" 1974 жылғы 10.30 N 02-14/8 хаты.

3.20. КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің 1946 ж.07.03. "Тісті тегін протездеу туралы тәртібі".

1.2. "Ұлы Отан соғысының мүгедектерінің құқығы" бұйрығының 1 пунктіне N 1 с ө й л е м г е :

- егер жанардан айрылу және кісі бетінің кемшілігі соғыс жарақатына байланысты болса, онда көз, ауыз және жақ сүйегі протезін тегін салуға;
- дәрігер рецептісі бойынша есту аппараты және көзілдірік әйнегімен тегін қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

- дәрігерлік қорытынды бойынша жылына бір рет санаторий жолдамасымен
қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

- жыл сайынғы демалысты өзіне қолайлы пайдалануға, сонымен қатар жылына 2 апталық жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс алуға;

1.3. N 1 бұйрықтың 2 қосымшасының пунктiне "Ұлы Отан соғысына қатынасушылар жеңiлдіктерге құқысы бар" дегенге:

- дәрігер рецептісі бойынша есту аппараты және көзілдірік әйнегімен тегін
қ а м т а м а с ы з е т і л у г е ;

- дәрігер қорытындысы бойынша жылына бір рет санаторийге тегін жолдама
а л у ғ а ;

1.4. "Медициналық қызмет көрсетудің құқысы мен жеңiлдіктері" бұйрығының N 1 қосымшасына 6-II пункт енгізілсін.

6. Ұлы Отан соғысына қатынасқан Кеңес Одағы Батыры мен үш мәрте Даңқ орденін алғандар төмендегі жеңiлдіктерге құқылы:

- мемлекеттік амбулаториялық-емханалық мекемелерде басқалардан басым
б о л ы п т е г і н қ ы з м е т а л у ғ а ;

- ауруханаларға кезексіз жатуға және ауруханада оның ішінде Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне арналған госпитальдарына тегін ем қабылдауға;

- жұмыс істеп жүрген кезде тіркелген емхананы зейнеткерлікке шыққаннан
с о ң д а т е г і н п а й д а л а н у ғ а ;

- тіс протезін тегін салуға және жөндетуге (асыл металдан жасалған протезден басқасын), сонымен қатар бекітілген тәртіп бойынша протезбен және басқа протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз етілуге;

- дәрігердің рецептісі бойынша дәрімен тегін қамтамасыз ету, дәрігерлік қорытынды бойынша дәріні үйге тегін жеткізіп беруге;

- санаторий, сауықтыру және демалыс үйлеріне жұмыс істеп жүрген жері бойынша тегін жолдамамен бірінші кезекте қамтамасыз етуге;

7. Соғысқа қатынасқандардың жеңiлдіктері мен гарантиясына теңестірілетін
а д а м д а р қ ұ қ ы л ы :

- дәрігер рецептісі бойынша тегін дәрілермен қамтамасыз етілуге;

- жұмыс істеп жүрген жердің емдеу мекемесінің қорытындысы бойынша, ал зейнеткерге-зейнетақы төлейтін органдар арқылы жыл сайын тегін санаторий-курорт жолдамасымен емделуге;

- жұмыс істеп жүргенде тіркелген емханаға зейнеткерлікке шыққаннан соң да
е м д е л е б е р у г е ;

- амбулаториялық-емханалық мекемелерді қызметін басқалардан басым болып пайдалануға және ауруханаға кезексіз жатуға;
- мемлекеттік емделу-профилактикалық мекемелерінің білікті көмегін кезексіз және тегін пайдалануға;
- тіс протезін тегін жасатуға және жөндетуге (асыл металдан басқасын), сонымен қатар протезбен және протездік-ортопедтік бұйымдармен тегін ж а б д ы қ т а у ғ а ;
- ауру салдарынан уақытша еңбекке жарамсыз болғанда төрт айға дейін (қатарынан) немесе күнтізбелік жылда бес айға жәрдем алуға;
- уақытша еңбекке жарамсыз болғанда еңбек стажына қарамай жалақының 100% мөлшерінде жәрдем алуға;

8. Жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатынасқандармен теңестірілген басқа тұлғалар төмендегіше жеңілдік пен кепілдікке құқылы.

8.1. Қаза болған әскери қызметкерлердің отбасы төмендегілерге құқылы:

- дәрігер рецептісі бойынша тегін дәрімен қамтылуға;
- Ауғанстанда азаматтық міндетін өтеп жүргенде қаза болған немесе жарақат, контузия, мүгедектік немесе ауру салдарынан өлген әскери қызметкердің әйелдері жұмыс істеп жүрген жерінен басқалардан басым болып қамтамасыз етілуге, немесе сол жауынгерлердің балаларын бағып-қағатын басқа кісілер сол балалармен бірге демалыс үйінде және пансионатта демалуға жолдама алуға, сонымен қатар әскерилердің перзенттері балалар профилактикалық мекемесіне ж о л д а м а а л у ғ а ;
- жұмыс істеп жүргенде тіркелген емханаға зейнеткерлікке шыққан соң да е м д е л е б е р у ғ е ;
- амбулаториялық-емханалық мекемелердің қызметін басқалардан басым болып пайдалануға және ауруханаға кезексіз жатуға;
- мемлекеттік емдеу-профилактикалық мекемелерінің білікті көмегін кезексіз ж а н е т е г і н п а й д а л а н у ғ а ;
- жыл сайынғы кезекті демалысты өзіне қолайлы кезде пайдалануға, сонымен бірге жылына 2 апталық жалақы сақталмайтын қосымша демалыс алуға ерікті.

8.2. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда әскери жанқияр қызмет атқарғаны және еңбектегі ерлігі үшін КСРО ордендері мен медальдері мен наградталған сонымен бірге 1988-1989 жылдары АЭС (Чернобыль) апаты зардаптарын жоюға қатынасқан, апат аймағынан Қазақстан Республикасына көшірілген (еркімен ауған) және жол үстінде құрсақта болған адамдарға жеңілдік төмендегіше:

- еңбек еткен кезінде емханаларға зейнеткерлікке шыққаннан соң да емделуге

;

- дәрігер рецептісі бойынша дәрі бағасының 50% төлеуге құқылы.

8.3. 1979 жыл 12.01 мен 1989 жылғы желтоқсан аралығында Ауғанстанға тағы басқа соғыс жүріп жатқан елдерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметкерлерге төмендегіше құқық беріледі:

- жұмыс істеп жүргенде тіркелген емханасына зейнеткерлікке шыққаннан соң да емделуге;

- жұмыс істейтін жерінде басқалардан басым құқықпен санаторий, сауықтыру және демалыс үйлеріне жолдама алуға;

8.4. Ауғанстан көлемінде уақытша болған мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жұмысшысы мен қызметкері және кеңес әскерінің шектеулі құрамына уақытша енбеген кісілерге берілетін жеңілдіктер:

- тіс протезін тегін жасатуға әрі жөндетуге, сонымен бірге протезбен және протез-ортопедтік бұйымдармен тегін жабдықтауға;

- жұмыс істейтін жерінде санаторийге, профилактикалық, демалыс үйлеріне басым құқықпен жолдама алуға;

9. Жеңілдігі мен кепілдігі соғыс мүгедегіне теңестірілген тұлғалар төмендегі құқыққа ие:

- дәрігер рецептісі бойынша тегін дәрімен емделеді,

- жұмыс істеп жүрген жердің емдеу мекемесінің қорытындысы бойынша, ол жұмыс істемейтіндерге - зейнетақы төлейтін органдар арқылы жыл сайын тегін санаторий-курорт жолдамасын алады;

- жұмыс істеп жүргенде тіркелген емханаға зейнеткерлікке шыққаннан соң да емделеді;

- амбулаториялық-емханалық мекемелердің қызметін басқалардан басым болып пайдалануға және ауруханаға кезексіз жатуға;

- тіс протезін тегін жасатады және жөндетеді (асыл металл протезінен басқасын), сонымен бірге, протезбен және протездік-ортопедтік бұйымдармен тегін жабдықталады;

- дәрігер рецептісі бойынша есту аппараттары және көзілдірік оптикасымен тегін жабдықталады;

- ауру салдарынан уақытша еңбекке жарамсыз болғанда қатарынан төрт айға дейін немесе күнтізбелік жылда бес айға жәрдем алады;

- уақытша еңбекке жарамсыз болғанда еңбек стажына қарамай жалақысының 100% мөлшеріндей жәрдем алады;

10. Жаппай саяси зұлмат құрбандары төмендегіше жәрдемге құқылы,
- жұмыс орнынан санаторийге, сауықтыру, демалыс үйлеріне жолдамамен басым жабдықталады, әрі ол жолдаманы басым жеңілдікпен сатып алады;
- медициналық жәрдем, дәрі алу, емханалық бақылау және мемлекеттік емдеу-профилактикалық мекемелерінде жатып емделу бірінші кезекте өтеді;
- дәрігердің рецептісі бойынша алынған дәрінің 50% құны шегеріледі (құқық бұзушылықтан мүгедек болған немесе бас бостандығын алғаннан кейін ауырған жағдайда басқасы);
- тіс протезі тегін жасалады әрі жөнделеді (асыл металдан басқа протез-ортопедтік заттар жеңілдікпен қамтамасыз етіледі).

11. Қарттығына байланысты зейнеткерлерге және дербес зейнеткерлер, I және II топтағы еңбек мүгедектері төмендегі жеңілдікті пайдаланады;

11.1. Тіс, жақ сүйегі, бет және көз (алтыннан протез жасаудан басқасы) тегін протезделеді.

11.2. Қарттығы бойынша зейнетақы алатын әскери есептегілер, жұмысшылар, қызметкерлер, ұжым мүшелері, мүгедектігі бойынша немесе аз мөлшерде жәрдем алатын асыраушысынан айырылған зейнеткерлер дәріні 50% арзан бағамен алады.

11.3. Дербес зейнеткерлер құны 20% арзандатылған дәріні алады.

11.4. 3 пункттің 3.3. тармақтары "Қосымша тұрғын үй көлеміне ерік беретін ауру тізімі" дегенді "12 аптадан артық болғанда көтерген құрсағы" деп түзетіледі (көтерген құрсағы 12 аптадан артық болса).

Министр

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
1993 ж. 01.25. N 29 бұйрығына
N 2 қосымша

Амбулаториялық емделу кезінде дәрігердің рецепті бойынша дәрі-дәрмек тегін босатылатын аурулардың

түрлері мен тұрғындар тобының

Тізімі

I. Тұрғындар тобы.

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен оларға теңестірілген мүгедектер:

16 жасқа дейінгі бала кезден мүгедек балалар;

3 жасқа дейінгі балалар;

Ұлы Отан соғысына қатынасқандар, сонымен бірге әскери қызметкерлердің әйелдері мен ата-аналары, КСРО-ны қорғау кезінде немесе әскери міндетті атқару үстінде алған жарақаттан қайтыс болған, контузия алып, зақымданғандар немесе соғысқа барған кезде ауруға шалдыққандар;

Бұрынғы әскери қызметкерлер-интернационалистер, Ауғанстан немесе басқа елдер аумағындағы соғысқа қатынасқандар;

Кәмелеттік жасқа толмай (16 жаста босатылғандар) фашист концлагерінде тұтқында болғандар;

Чернобыль АЭС апаты зардабына шегуші балалар;

Чернобыль АЭС апаты салдарынан немесе онда жұмыс істегендердің ішінде сәуле дертіне шалдыққандары, осы апат салдарынан немесе ондағы зардапты жою үшін жұмыс істегендіктен мүгедек болып қалғандар;

Чернобыль АЭС апатынан немесе онда жұмыс істегендіктен өлген азаматтардың отбасылары;

Арал бойындағы экологиялық апат аймағында тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер;

II. Санаттағы аурулар

Онкологиялық және қан аурулары;

Қантты, қансыз диабет;

Ревматизм (рецидивке қарсы емдеу үшін бициллин)

Буындардың сырқырап ауруы;

Жүрек қақпақшаларына операция жасағаннан кейінгі жағдай (антико-агулянттар);

Асқынған порфирия (аденил препараты, отандық фосфордин);

Бруцеллездің ауыр түрі (антибиотиктер);

Психикалық аурулар (I және II топтағы мүгедектер, сонымен бірге психиатриялық және психоневрологиялық мекемелердің емдік-өндірістік шеберханасында жұмыс істейтін науқастар);

Денеге қолдырап шығатын қызыл бөртпе, тері ауруының созылмалы ауыр түрі;

М е р е з ;

Л е п р а ;
Т у б е р к у л е з ;
А д д и с о н а у р у ы ;
Ақыл-есінен адасқан және қояншық ауруы;
Гепатоцеребральді дистрофия және фенилкетонурия;
Муковисцидоз (ауру балаларға);
Ө к п е д е м і к п е с і ;
Д и з е н т е р и я ;
Гипофизарлық ергежейлілік;
Бүйрекке операция жасағаннан кейінгі жағдай;
Б е х т е р е в а у р у ы ;
П а р к и н с о н а у р у ы ;
М и а с т е н и я ;
М и о п а т и я ;
Маридің мишық атаксиясы;
Балалардың сал ауруы;
Жыныс мүшесінің ерте жетілуі;
СПИД, оның вирусын жұқтырып алушылар;
Жүрекке, бүйрекке жасалған операциядан соңғы жағдай;
Жүрек инфарктісі (алдыңғы алты ай);

III. Амбулаториялық емделу кезінде медициналық бұйымдармен тегін қамтамасыз ету

Ұлы Отан соғысының мүгедектері және оларға теңелгендерге керекті заттар (нәжіс, зәр қабылдағыштар, емдік белдемшелер "Варитекс", "Жибо"), магнитафонды аппликаторлар, телескопиялық көзілдірік, медициналық сүлік, минерал сулары (шишасына ғана төлейді), дәрілік өсімдіктер, Ұлы Отан соғысы мүгедектері хирургиялық ауруларды таңатын материалдарды тегін алады;

IV. Амбулаториялық емделу кезінде дәрігердің рецептісі бойынша жеңілдік жағдайда дәрі-дәрмек алатын тұрғындар тобы

1 . 5 0 % т ө л е й т і н д е р :

Ленинград қоршауы кезінде қаладағы кәсіпорында жұмыс істеген және "За оборону Ленинграда" медалімен наградталған азаматтар;

Кәсіби жұмысқа байланысты немесе жалпы ауру зардабынан I және II т о п т а ғ ы м ү г е д е к т е р ;

Көмек ақы алатын I және II топтағы бала кезден мүгедектер;

Әскери қызметте істеген зейнеткерлер, жұмысшылар, қызметкерлер, колхозшылар, кәріліктен зейнет ақы алушылар, мүгедектер мен асыраушы адамынан айрылып ең аз еңбек ақы мөлшерінде жәрдем ақы алушылар;

Ұлы Отан соғысында адал еңбек сіңірген әскери қызметкерлер мен тылда еңбек еткендердің қажырлы еңбегі үшін КСРО-ның ордендері және медальдарымен наградталған зейнеткерлер;

Ленинград қалалық кеңесі халық депутаттары атқару комитетінің "Жителю блокадного Ленинграда" белгісімен наградталған азаматтар;

1986-1987 жж. Чернобыль АЭС зардабын жою жөніндегі жұмысқа қатынасқандар;

КСРО Қорғаныс министрлігі, КСРО Ішкі істер министрлігі және КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері мен жұмысшылары, әскери міндетті атқаруға шақырылғандардың әскери қызметте бастық немесе қатардағы құрамда қызмет еткендердің отбасы мүшелері;

Қоғамдық тәртіпті сақтау кезінде қоғамға қаржы жұмыс жүргізуге байланысты төтенше жағдайда қайтыс болғандардың отбасы мүшелері;

30-40 жылдары 50ж. басында негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылған және басқадай сотталуға тап болған және әлеуметтік-саяси жаламен сотсыз-ақ репрессияға ұшырағандар бас бостандығынан ажыраған кезде ауруға шалдыққандықтан мүгедек болып қалғандар (құқықтыққа қарсы әрекет кезінде мүгедек болғандар мен босатылғаннан кейін жалпы аурудан мүгедек болып қалғандардан басқасы) және өлгеннен кейін ақталғандардың басқа ерге шықпаған жесірлері;

2. 20 процент төлейтіндер:

Дербес зейнеткерлер мен олардың отбасы мүшелері.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
1993 ж. 01.20. 29 бұйрығына
N 3 қосымша

Бірінші кезекте үй алу құқын беретін ауру түрлерінің Тізімі

1.1. Барлық ағзалардың ашық түрдегі, үнемі туберкулез таяқшасын бөлетін туберкулез.

1.2. Созылмалы психикалық аурулар, психикалық белгілердің басымдылығы және адамның өзгергендігі (шизофрения, маникальді-депрессивті психоз,

қояншық, пресенильді және сенильді психоздар).

1.3. Орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымданып және сүйек, жамбас құрылысының ауыр зардаптануы (бас сүйегі - ми жаракаты, жұлын мен омыртқа жаракаты, күрделі склероз, Бүкір амиотрофикалық склерозы, сирин гомиелия, балалардың целебральді параличі.

1 . 4 . П р о к а з а

1.5. Нәжіс, зәр жолдары мен қынаптың тесілген қаяуы, қуық ісігі стомаға айналған түрі, тік ішектің табиғи тесігінің өзгеруі.

1.6. Тронх деміктесінің асқынып тез ұстайтын түрі. Дем алудың жетіспеушілігі II-III стадиялары.

1.7. Гемофилия және Виллебрант ауруы.

1.8. Жүйке, бұлшық еттерінің семуінің тұқым қуалаушылық ауыр түрі.

1 . 9 . М у к о в и е ц е д о з .

1.10. I типті қант диабетінің орташа және ауыр түрі.

II. Ауруына байланысты бірінші кезекте үй алуға құқылы тұрғындар тобының Тізімі

2.1. Чернобыль апатына және Семей полигон сынағы, сондай-ақ азаматтық және әскери құқықтағы жерде ядролық сынақ зардабынан денсаулықтарына нұқсан келгендігін ДЭЕК анықтаған азаматтар.

2.2. Арал экологиялық апаты салдарынан I және II топтағы мүгедектер қоныс аударған жағдайда, Алматы қаласы мен облыс орталықтарынан басқа жерге барса ғана үй алуға құқылы.

III. Қосымша тұрғын алаң беруге болатын аурулар Тізімі

3.1. Ауруына және жағдайына байланысты жеке бөлме беруге болатын аурулар :

3.1.1. Маңайдағыларға жұғуы қауіпті аурулар:

- бірнеше рет лабораториялық бақылау арқылы анықталған үнемі туберкулез таяқшасын бөліп отыратын ашық түрдегі өкпе және басқа ағзалар туберкулезі;

- П р о к а з а .

3.1.2. Дерті бір үйде бірге тұратын үй-ішіндегілерге қауіпті науқас;

- Созылмалы психикалық дерт белгілері бар, тұрақты психикалық симптомдары бар ақыл-есі өзгерген тұлғалар;

а) ш и з о ф р е н и я ;

б) эмилепсия (жиі ұстайтын түрі, ақыл-есі өзгерген) ауруханалық анықтамасы болған жағдайда ;

в) Орталық жүйке жүйесі органикалық зақымдалғанда (психоздар, ақыл-есінің азайғанының созылмалы түріне, есалаң және жиі ұстайтын талмаларға) ;

г) Пресенильді және сенильді психоздар;

д) Жиі қайталайтын маникальді-депрессивті психоз;

е) Есі өзгерген деноминсацияланған психопаттар;

ж) Имбецильді және нақұрыстық олигофрения мен мәжбүндер.

3.1.3. Ем қонбайтын аурудың салдарынан ондай науқаспен бірге тұру басқаға қиын жағдайда ;

а) Нәжіс пен зәр жолының тесілген қаяуы, сонымен бірге үлкен және кіші дәретін ұстай алмайтын ауруға;

б) Қатерлі ісік қауіпті (радикальді емделінген және асқынып тесілген, сәуле әсерінің күйік алған науқастарға);

в) Созылмалы тері ауруының (ауруларының) жайылған түрінен зардап шеккендер, атап айтқанда: созылмалы бластомикоз, коксидиосидез, хромомикоз, күлбірлеу, сонымен бірге тез түлейтін эритродермия;

г) Қол-аяқ сүйектерінің гангренасы;

д) Орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануы және қол аяқ сүйектерінің шат қуысы ағзаларының қызметі бұзылғанда;

3.2. Қосымша 18 ш.м. алаң беруге болатын аурулар.

а) Өкпе және басқа ағзалардың ашық түрдегі туберкулезі;

б) Өкпе эмфиземасы бронхэктоз ауруы, өкпенің іріңдеуі зардабынан дем алу қызметінің бұзылуы ;

в) Жүрек қызметінің созылмалы ауруы салдарынан II және III дәрежедегі қан айналымының бұзылуы мен ревматикалық жүрек ақауы, жүрек инфарктісі, жүректің талма ауруы (қан ауруы аққан, агранулоцитоз, Верльгоф ауруы, гемофилия, гипопластикалық анемия, бүйрек аурулары),

3.3. Жүктіліктің екінші кезеңі (20-21 аптадан жоғарғысы).

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
1993 ж. 01.25 N 29 бұйрығына
N 4 қ о с ы м ш а

I. Мүгедектердің жүріп-тұруына қажетті техникалық және басқа да жабдықтар алуына керекті медициналық анықтамалар Тізімі

1. Бөлме ішінде жүруге жайлы арба;
- қан айналымының III дәрежедегі созылмалы жеткіліксіздігі;
- өкпе, жүрек қызметінің III дәрежелі жеткіліксіздігі;
- гемиплегия, гемипарез, парплегия, төменгі парапарез, тетраплегия, трипарез, т е т р а п а р е з ;
- күрделі атаксия, гиперкинетикалық амниостатикалық синдром:
- екі аяқтың тізеден жоғары кесілуі және бұдан да жоғары деңгейдегі а м п у т а ц и я л а р .

2. Серуендеуге арналған жылжымалы арба;
- гемиплегия, гемипарез, паралегия, төменгі парапарез, триплегия, тетраплегия, трипарез, тетрапарез, екі аяқтың тізеден жоғары кесілуі және бұдан да жоғары деңгейдегі ампутациялар;

3. Автомототранспорт:
- өкпе, жүрек қызметінің II дәрежедегі жеткіліксіздігі;
- аяқ сүйектерінің бірінің салдануы немесе парез, параплегия, күрделі п а р а п а р е з б о л с а ;
- гемиплегия күрделі гемипарез;
- аяқ қол тамырларындағы өзгерістерден болатын (ромбооблитерит) I және II дәрежедегі артериялық жетіспеушілік;
- екі аяқтың веналық тамырларының II және III дәрежедегі созылмалы ж е т і с п е у ш і л і г і ;

- көптеген анкилоздар мен күрделі контратуралардың бір аяқтың екі немесе одан да көп буындарында болуы және аяқта да болуы;
- екі аяқтың табан сүйектерінің Шарп бойынша кесілуі және бұдан да жоғарғы деңгейде болған оталау;
- оталған жіліншік, аяқта бұдан жоғары жасалған ампутация;
- туа немесе жүре пайда болған ұшықтың шығуы;
- ұшықтың немесе тізе буының қатты босаңсуы;
- аниклоз немесе ұшақ буыны жұмысының қимылсыз қалуы немесе қимылы 10 градустан аспауы;
- анкилоз немесе тізе буыны жұмысының ыңғайсыз жағдайда сіресіп орнына келмей қалуы (бүгілу бұрышы 150-170 көп);
- екі бірдей жамбас сүйегінің және жілік сүйектерінің дұрыс-бітпеуі салдарынан 170 кем жағдайда деформациялануы;
- қол-аяқтың ауруы екінші бір созылмалы (2-3 жылдан кем емес) остеомиелитпен бірге жалғасып ол жыланкөзденсе немесе ойылып секвестрленсе жалған буын немесе сүйектің тұтастығы бұзылса (көлденеңінен не шетінен бастап сүйектің жартысына жуығы бүлінсе) осының салдарынан ортаң жілік пен сирақ сүйектері бүлініп олардың деформациясы 170 кем болса.
- бір аяқтың 10 см қысқаруы;
- жарақаттан кейінгі жазылмайтын жара (алты айдан көп) және жіліншектегі мөлшері 20 см квадрат көп (жазылып) қайталанатын жара, аяқ үстіндегі 10 квадрат см және одан да үлкен, табандағы мөлшері 2 см квадрат кем емес жара;
- омыртқаны қисайтатын жүріп-тұруды қиындататын, омыртқаларды 3,4 дәрежеге қисайтып, олардың жұмысын бұзатын аурулар;
- Бехтерев ауруы (анкилозданған спондилоартрит), ұршықтың сіресіп жұмыс істемей қалуы;
- қол саусақтарының басының кесіліп қалуы және сол мүшенің одан да жоғары деңгейде кесілуі;
- екі көздің де көрмей қалуы немесе көру қабілеттілігі коррекциядан кейін (көруі 0,05-тен төмен болуы немесе көру қабілеттілігінің тартылуы 10 - төмен болуы);
- балалардың церебральді параличі.

II. Кейбір адамдарға жеңіл машина, моторлы арбаны тегін беруге болатын ауру Тізімі

1. "Запорожец" маркалы жеңіл машина немесе қолмен басқаратын машинаның басқа түрі медициналық керек деген анықтамадан соң Ұлы Отан

соғысының мүгедектеріне, партизандарына, Ұлы Отан соғысында контузия алған, темір жол бойында, әскери-теңіз базасында, аэродромдарда жарақат алған немесе Ұлы Отан соғысы кезінде ауруға шалдығу салдарынан мүгедек болып қалғандарға және осы заңға сәйкес солармен теңестірілген әскери міндетті атқару үстінде мүгедектікке ұшыраған әскери қызметкерлерге, Совет Армиясы мүгедектеріне сонымен бірге:

- соғыстан келгеннен кейін ауру болып, КСРО-ны қорғау жолында және әскери міндетті атқару кезінде жарақат, контузия алу салдарынан мүгедек болса;

ҚР, КСРО Ішкі істер министрлігі органдары құрамында қатардағы және бастық болып қызмет атқарған кезінде жарақат, контузия алудан мүгедек болса;

- 1994 ж. 1 қаңтарда Украина, Белорусь, Литва, Латвия, Эстония, ҚСР халқын қорғау жолында жауынгерлік және командалық құрамдағы атқыштар батальондардың, взводтардың әскери басқарушылары алған жарақаттан, контузиядан мүгедек болса;

- Чернобыль АЭС апатынан соң сондағы зардапты жою ісіне уақытша қатынасқандар, командировкамен барғандар, басқа жақтан (республикалардан) барып жұмыс істегендер;

б) Ішкі істер органдарының бастық және қатардағы әскери міндетін атқарып жатқандар;

в) әскери қызметкерлерден және әскери міндеттілерден осы апатқа байланысты жұмысқа тартылғандары;

- Семей ядролық полигоны зардабынан сәуле ауруына шалдыққандар;

2. Осы N 4 қосымшаның I п. аталған мүгедектерге арба (мотоколяска) тегін беріледі.

3. Жұмысшы, колхозшы және қызметкерлер арасындағы мүгедектер, сонымен бірге бала кезден мүгедектер медициналық көрсетулер бойынша арбаны 80 процент жеңілдік бағамен алуларына болады.

4. Еңбек зардабтарынан кәсіби аурулардан мүгедек болғандар сол ауруға ұшыратқан кәсіпорындары арқылы арбамен қамтамасыз етіледі.